

МЕРЕЙТОЙ ИЕСІ ЮБИЛЕЙНЫЕ ДАТЫ

Атына ісі сай һарон ар-Рашит

Рашит Саттарұлы Кареновты облыс жұртшылығы жақсы біледі. Белгілі экономист-ғалым, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі. Қатарынан екі мәрте Қарағанды облыстық өкілетті органның депутаты болып сайланып, сайлаушыларының аманатын абыроймен орындаған абзал азамат.

Ғұлама ғалымның шығармашылық өсу жолы, оның экономикалық ғылымдар мәселелерімен қатар әдебиет, тарих, этнография, экология мәселелерінің барлығымен бірдей асқан қызығушылықпен айналысатыны сан қырлы ірі тұлға екендігін танытады.

Әсіресе әмбебап жанның 1989–1994 жж. Қарағанды облыстық халық депутаттары Кеңесінің депутаты және 1999–2003 жж. Қарағанды облыстық Мәслихатының депутаты ретіндегі тындырымды қоғамдық қызметі жұртшылықтың көз алдында өтті.

Әр алуан жандардың әр кезде айтқан пікірлерін жинақтай айтсақ, Рашит Саттарұлы Каренов — Қазақстанның экономика ғылымдарының көрнекті өкілі, қоғам қайраткері, қарымды қаламгер. Оның шығармашылық еңбектері, ғылыми-ұйымдастырушылық, әдеби және қоғамдық қызметі республика жұртшылығына ғана емес, одан тыс жерлерде де кеңінен танымал. Оған көздеген бағытынан таймас табандылық, ғылымның келелі мәселелерін зерттеуде аса қажет ізденгіштік қасиет тән. Оның бойынан ымыраға келуді жақтыра қоймайтын қатандық пен байсалдылықты қатар байқауға болады. Ең алдымен өзіне өзі қатаң талап қоятын, ол шәкірттеріне де жоғары талап қоя біледі.

Қажет болғанда, беделді тұлғалармен де айтыса алатын, бірбеткей шенеуніктерді «орнына қоя» алатын батыл адам. Содан да болар, Рекеңнің өмірінде шиеленісті жағдайлар көптеп кездеседі. Қарсыластары мен жаулары да жоқ емес. Алайда диалектикалық заңға сәйкес революциялық өзгерістерге әкелетін нағыз ғылым осындай ірі кесек тұлғалардың болуын талап етеді.

Шығармашылық жолындағы ұйқысыз түндер бекерге кеткен жоқ. Баспадан шығып зиялы қауым мен қалың жұртшылық оқыған көптеген іргелі ғылыми монографиялар мен оқулықтар, әдеби кітаптар мен зерттеу мақалалар — соның айғағы. Бір жарым мыңнан астам ғылыми және әдеби-публицистикалық еңбектер, оның ішінде 75 ғылыми және әдеби-публицистикалық кітаптар, тарихи-танымдық жинақтар, оқулықтар мен оқу құралдары өз алдына, 18 ғылыми-әдеби кітаптарды дүниеге келтіру әлеуетті қаламгерге ғана тиесілі үлес.

Бүгінде Рекең кадрлар мен студент жастарды тәрбиелеуге және даярлауға көп күш жұмсап жатқандығы да үлкен әңгімеге арқау боларлық. Ол 1994 жылдан бері Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дің маркетинг (2002 жылдан — менеджмент) кафедрасының меңгерушісі. Оның жетекшілік етуімен экономика ғылымдарының 30-ға жуық кандидаты мен докторы даярланды. Ұлағатты ұстаздың сарқылмас күш-жігері мен жетекшілігі арқасында Орталық Қазақстанда менеджерлер мен маркетингтердің зиялы қауымға кеңінен танымал ғылыми мектебі қалыптасты.

Рашит Саттарұлы қырық жылдай экономика ғылымдарының мәселелерімен айналысуда. Үлкен өмір жолынан өтті. Тағдыр оған қиын, бірақ толыққанды бақытты өмір сыйлады. Оның замандастары мен шәкірттері, ғалымдар мен журналистер, жазушылар мен әдебиеттанушылар асқан таланты мен табандылығы арқасында алашта ат оздырған шығармашыл жанның сом тұлғасы мен кесек бейнесін жеріне жеткізе айтар еді.

«... Рекеңнің жеке өміріне және еңбектеріне тән бір ерекшелікті атап көрсету парыз, — деп жазады қарт ұстаз М. Кенжебаев. — Ол оның қандай мәселе туралы айтса да, әділдікке, шындыққа бой ұратындығы, өткінші көңіл-күйдің әсерімен ақиқаттан ауытқып кетпейтіндігі, бір сөзбен

айтқанда, адалдығы, «тура айтып туғаным жақпадым» дегендей мінезі оны кедергіге ұшыратып отырса да, сол қасиет түптің түбінде оның жүзін, жарқын бейнесін айқындап келеді».

Белгілі журналист, эссеист Төлеубай Мансұр: «Өз басым оны әуелде білікті ғалым ретінде таныдым. Кеңес Одағы күйреп, бозторғай басына, тұрымтай тұсына тоз-тоз болып кеткен тұста қалай қарай қадам басарымызды білмей әжептәуір абдырап қалғанымыз рас қой. Көсегемізді көгертетін жол нарық қатынасына апаратын соқпақ екен. Ал нарық халықты қарық қыла ма? Оның не гәп екенін мына аңтарылып қалған ағайындарға кім түсіндіріп бергендей?»

Міне, тап осы тұста экономист-ғалымдар суырылып, ел алдына шықты. Әрине, бәрі бірдей шығуға тәуекел ете алмады. Жүзден біреу, мыңнан оны дегендей, өзінің білімі мен білігіне сенімді ғалымдар ғана тәуекелге бел буды. Осы кезде қарағандылық экономист-ғалымдардың арасында жарқ етіп, көзге көрінгендері Рашит Каренов пен Талғатбек Әбдіразақов еді. Олар радио мен теледидар және газет арқылы абдырап қалған халыққа нарық қатынасының күнгейі мен көлеңкесін жіпке тізгендей етіп баяндап берді. Мұнымен қоса облыс экономикасын нарық қатынасына орай жаңаға құру ісіне бел шеше араласып та кетті», — деп, риясыз көңілмен сүйсіне жазыпты.

«Рашит Саттарұлы дарынды публицист те. Оның газет-журналдарда жарияланып жүрген сан алуан тақырыптағы мақалаларында публицистикалық терең толғаныс, көтеріңкі пафос жатады, — деп жазады М. Кенжебаев. — Орыс, қазақ тілінде қалам тербеп, өзінің ойын ғана емес, көркемдік түсінігі мен сезімін жеткізе білген ғалымның «Жұлдыз», «Простор», «Мысль» журналдарында және басқа да ондаған мерзімді баспасөзде жарияланған көркем суреттемелері мен публицистикалары қуатты дарынның бір қырын дамытады... Оның еңбектерінде, ғылыми және әдеби очерктерінде публицистерге тән алғыр ой, логика басым болып отырады» («Орталық Қазақстан», 25.07.95 ж.).»

Академик Рашит Кареновтың «Абай дара қазақта, Абай — дана», «Ұлан даланың ұлы суреткері» (Мұхтар Әуезов туралы), «Дәуірдің дарабоз перзенті» (Қаныш Сәтпаев туралы), «Ғылымға даңғыл жол салған» (Кәрім Мыңбаев туралы), «Қалдырған ізің мәңгілік» (Евней Бөкетов туралы), орысша жазылған «Личность планетарного масштаба» (Әлихан Бөкейханов туралы) мақалаларын тебіренбей оқу мүмкін емес.

Оның әрбір мақаласын «ғылым турасындағы тоғышарлық сенімге ерер болсақ, ғалымдар қайдағы бір піл сүйегінен қашалған зәулім мұнарада марғау тіршілік кешетін көңілсіз де сұрқай пенделер іспеттес әсер ететін сыңайлы. Ал 1999 жылғы 12 сәуірде туғанына 100 жыл толған академик Қ.И.Сәтпаевтың тағдыры осы тақылеттес тұжырымдаманы түбегейлі түрде теріске шығарады» (73-б.), «Рас, Евней Арыстанұлының ғылымға қосқан үлесі өз бағасын толық алып отырған жоқ. Өйткені ғалым жолы да, ақын жолы да көбіне тақтайдай бола бермейтіні белгілі. Тасы өрге домалап, атағы шығып, жұртшылық аузына қарап келе жатқан ірі оқымысты, дарынды әдебиетші-сыншы, аудармашы, публицист Е.А.Бөкетовты көре алмай етекпен тартқан, аяқтан шалған сұмдықтар болмай қалған жоқ. Бірақ бір ғажабы — ол қысымның қандайын көрсе де өз ісінен қол үзбеді» (94-б.) деп келетін тосын штрихтармен бастауы оқырманды әрі қарай еріксіз жетелеп отырады, «тағы да не айтар екен?» деп елең қақтырады.

Қазіргі заманның өнер адамдарының арасында ғасырлардың мынандай сипаттамасы орын алған екен: «XVIII ғасыр — «Ол данышпан», XIX ғасыр — «Сен данышпансың», XX ғасыр — «Мен данышпанмын!». Міне, осы сыры мен сипаты әрқилы болса да, ұрпақтар сабақтастығын жіті сақтаған үш ғасырдың мәнді-мағыналы жұлдызды сәттерін екі тілде жазылған отыз шақты мақалалар жинағы молынан қамтыған.

Ел тарихын әйгілі тұлғалар арқылы тану мүмкіндігі — тәуелсіздік жемістерінің бірі. Заманында халқымыздың бақытына туған ұлы тұлғалардың бірі — Байдалы би Бекшеұлы. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп халық айтқандай, әділдігімен қара қылды қақ жарған Байдалы бидің ел арасындағы қадір-қасиеті хан мен сұлтаннан кем болмаған. Қаламгер Каренов ірі тұлғаның сол бірегей қасиетін «Әрі көсем, әрі шешен Байдалы би» кітапшасында жеріне жеткізе баяндаған.

Сондай-ақ автордың «Қазақтың үш ұлы көсемі» атты ғылыми-зерттеу еңбегінде тәуелсіз хандық туын тік ұстаған, өз заманының дана мемлекет қайраткері, сұңғыла дипломаты Абылай ханның бейнесі жан-жақты көрініс тапқан. Осыған қоса елім деп еңіреген, халқым деп қайысқан Кенесары ханның және Наурызбай сұлтанның өмірлері, батырлықтары сипатталған. Хан Кененің әлі де кеңейтіп көрсетілмеген саясатшылығына, дипломатиялық өнеріне, қолбасшылық қасиетіне ерекше көңіл бөлінген. Сонымен қатар Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның өмірі мен қызметі, оның алғашқы Қазақ автономиясының тұңғыш та жалғыз басшысы болғаны, сол лауазыммен тарихта қалғаны баяндалған.

Филология ғылымының кандидаты Ж.Жарылғапов «Руханият әлеміне қосылған қомақты үлес» мақаласында («Орталық Қазақстан» 06.11.2002 ж.): «... үстіміздегі жылы ғалым қаламынан туған «Әрі көсем, әрі шешен Байдалы би» (Қарағанды: Болашақ-баспа, 2002) және «Қазақтың үш ұлы көсемі» (Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2002) атты екі көлемді дүниесі «ұлттық рух», «бай тарих», «мақсат-мүдде» ұғымдары төңірегінде ұлттық сананың сілкінісіне өзек болды десек, артық айтқандық болмас», — деп жазады.

Рецензент автордың алғашқы кітабында XVIII ғасырдағы қазақ тарихында айрықша орны бар Байдалы би Бекшеұлының өмірбаяны, қоғамда алатын рөлі туралы ұтымды баяндағанын тап басып айтқан.

Жалпы алғанда Рекеңнің қос кітабы өзара жүйелілікке бағынған әр кезеңді қамтыса да негізгі арқауы бір проблема төңірегінде түйіскен дүниелер екені анық. XVIII ғасырдағы Абылай, XIX ғасырдағы Кенесары, XX ғасырдағы Әлихан Бөкейханов ұлттық тарихта айрықша орны бар тұлғалар ғана емес, сонымен қатар ұлттық тарихты әлемге паш еткен танымал жандар. Осынау үш тарихи тұлғаның қоғамдық-тарихи, саяси-әлеуметтік зерттеуге арқау болуы автордың екінші кітабында көрініс тапқан. Тарихтың небір бұрылыс сәттерінде саяси сахнаға шыққан осынау әйгілі тұлғалар тұрарсында олардың ғұмыры, өмір жолы хақында ғана зерттеу жүргізіп қоймай, автор олардың адамдық, азаматтық, дарындылық болмыс-бітіміне айрықша назар аударып, әр тарихи тұлғаны олар ғұмыр кешкен қоғамдық-әлеуметтік, тарихи, саяси жағдайлармен тығыз бірлікте, органикалық байланыста алып қарастырады.

Абылай хан мен Байдалы би, Кенесары хан мен Әлихандар автордың еңбегінде жалаң ғана баяндалып қоймай, олардың төңірегіндегі айтулы тұлғалармен қоса бейнеленген. Осының нәтижесінде тарих тек болған оқиғалардың хронологиялық шежіресіне ғана айналып қоймай, оның аясында ғұмыр кешкен небір айтулы жандардың ғұмырбаянымен, ел-жұрты алдында сіңірген еңбегімен айшықталған.

«Рәшит Саттарұлының еңбектері өзінің ойлылығымен дараланады. Ғылыми-көпшілік сипатында жарық көрген бұл қос еңбектің жұртшылыққа ұсынар тағылымы да осында», — дейді әдебиеттанушы ғалым.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «XVIII ғасырда қазақ сахарасында жасындай жарқылдаған Абылай армандап өткен, мұңды шерге толы XIX ғасырда Кенесары қарумен күрескен, жаппай қырып-жоюға қарсы бас көтерген Бөкейхан межелеп кеткен асыл мұраттар өлген жоқ — соның бәрі 1991 жылы 16 желтоқсанда жүзеге асты», — деген еді. Міне, биыл тәуелсіздігіміздің жиырма үшінші жылында тағдырдың осы сирек сыбағасын барша халқымыз пайдаланып, игілігін көруде. Соның бір сипаты — өткенімізге үңіліп, тарихымызды танып, болашағымызды бағдарлау.

Заманымыздың ұлы жазушысы, көзі тірі классик Мұхтар Мағауин кезінде тәуелсіздігіміздің он бірінші жылының өзінде қырғыз ағайындардың көңіліне келеді деп Кенесарының мерейтойын асқақтатып өткізе алмағанымызды, өзбек ағайындардың көңіліне келеді деп шекарадағы түйткілдерді батып айтпайтындығымызды қынжыла айтты, ашына айтты. Шынында да, бұл не қылған көңіл жықпастық, не қылған жалпақ шешейлік?!

Зәуаттық жадымыздан жаңылу — кезіндегі отарлаушы елдің де, сол зорлықшыл елге жандайшап болған жұрттардың да бүгінгі билік басындағы сайқал саясат ұстанатын ұрпақтарына тиімді. Тарихи жады жоқ халықты билеп-төстеу де, алдап-арбау да оңай.

Әзірейіл келіп

Алсын, мейлі, жанымды,

Күнімді үптеп,

Атырмасын таңымды —

Ұлым — қазақ екендігін жасырман,

Жасыра алман —

Руымды, қанымды... —

деп, азуын айға білеген айтулы ақындарымыздың бірі Иран-Ғайып айтқандай, айдың, күннің аманында қара басып не ғылыпты, құдай жадымыздан жаңылдырмасын деңіз.

«Аз и Я» —

Азия деп

оқталып,

жаңылдым ба?

Жатпаймын мен ақталып...

*Танып-біліп өзімізді өзгеден,
Көшеміз біз өзімізді бетке алып, —*

деп, Олжас абызша өзімізді өзіміз танудан, өзімізді өзіміз іздеуден танбаймыз. Сырттағы жауларымыз да, іштегі кірме дұшпандарымыз да ұлардай шулай берсін, қанымызды да, жанымызды да жасыра алмаймыз.

Кезінде Мопассан Флобер туралы айта келіп: «Жазушы ғалым болу керек» дегендейін, шынында да Рашит Каренов академик ғалым ғана емес, сонымен бірге қарымды қаламгер де. Екі тілде бірдей жазады. Оның ізденіске толы ойлы мақалалары облыстық, республикалық басылымдарда үздіксіз жарияланып жатады.

Шежіре... осы бір жалғыз сөздің аясында көп мағына бар. Ел мен жердің, халық пен қаһарманның сырты нұрлы, іші сырлы шежіресін жасауға бүгінде ғалымның да, жазушының да, журналистің де, қалың көпшіліктің де атсалысқаны белгілі. Халқымыздың асыл мұрасы, ұланғайыр тарихының куәгері — ру шежіресі соңғы жылдары рухани өмірімізге қайтып оралды. Көптен бері ұлттық басылымдарда бірталай шежіре нұсқалары мен зерттеу мақалалары жарияланып, ара-тұра қызу пікірталастар да болып өтті. Шежіренің тарихи пайда болуы және даму жолдары туралы да аз жазылған жоқ. Әр ру-тайпаның шежіре кітаптары да бірінен соң бірі шығып жатыр.

Біле білген жанға шежіре дегеніміз — халықтың қымбат қазынасы. Халық барда шежіре де бар. Түптеп келгенде, шежіре — қазақ халқының бірлігі мен ішінара ынтымағын қалыптастырудың идеологиялық құралы ретінде пайдаланылып келгені айдан анық. Мұны ел билеген озық ойлы хандар мен билер жақсы түсінді.

Тарихыңды, тегіңді білмеу — білімсіздіктің үлкені. Кешегісіз бүгіннің, бүгінгісіз болашақтың жоқтығы аксиома болса да, осы жерде қайталап айтудың реті келіп тұрғаны анық. Әрі-беріден соң ата-бабамыздан «Жеті атасын білмеген жетесіздіктің белгісі» деген әлгіден де қаттырақ айтылған, тіпті сақты сындырып, сүйекке таңба салатын сөз қалған.

Академик ғалым, қарымды қаламгер Рашит Каренов Қазақстан-Ресей университеті баспасынан биыл, яки 2014 жылы, жарық көрген, ширек ғасыр бойғы маңдай тер, табан ақысының қомақты жемісі — «Үш жүздің шежіресі және Арғын-Алтай тайпасының Қареке-Мұрат рулары: энциклопедиялық анықтамалық» атты екі томдық тарихи-генеалогиялық зерттеуінде халқымыздың дәстүрлі шежірешілдігіне құнды дерек көзі ретінде мән беріп, әрісі үш жүздің, берісі Арғын тайпасының шығу тегі мен қалыптасу тарихын зерттеген, оның ішінде бұрын аз зерделенген Қареке-Мұрат руларының шежіресін таратқан.

Жалпы көлемі 1362 беттен тұратын, яки 85,13 баспа табақ, бұл қос томдық халық ішінен шыққан көнекөз шежіреші қарттардың айтқандарынан және үш жүздің таралымы туралы баспалардан шығарылған, шашырап жүрген кітаптардан (еңбектерден) алынып жинақталып, бір жүйеге келтіріліп, ата тегін білгісі келген оқырмандарға ұсынылып отыр. Осы еңбекте тарихи-этнографиялық, мәдени-әдеби айғақтар, тектік-генетикалық қасиеттер көрініс тапқан.

Арғын-Алтай тайпасына жататын Қареке-Мұрат руларының шежіресі — ұлт тарихы мен тағдырының жанды бөлшегі. Шежіреде аталар дәстүрі, ғасырлар дауысы, дауылпаздар дабылы естіледі. Энциклопедиялық анықтамалыққа автор далалық фольклорлық-этнографиялық зерттеу деректерін, мұрағат құжаттарын, өмірбаяндар мен фотосуреттерді енгізген.

Автор көкірегі ояу, көзі ашық алаш азаматтарына ру тарихы — қазақ тарихының құрамды бір бөлігі, ру тарихы — әрқайсымыздың бабаларымыздың тарихы екендігін ұғындырып, нақты мысалдармен дәлелдейді. «Қазақ жеті атасын не үшін білген? Кейінгі ұрпақ өзінің алдындағы ұрпақтың дәстүрін, тұрмыс-салтын, тіршілігін — бәрін де қаз-қалпында қайталап отырған. Ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан даланың жазылмаған заңы, дәстүрі бұзылса, тіршілікке орны толмас зиян келтірген. Жеті атаға дейін біріне-бірі үйленуге тыйым салуы қазағымның данышпандығы деп біліңіз», — деп ой түйеді қаламгер ғалым. Айтса айтқандай, шежіре білу — арғы аталарымызға қандас, туыс адамдардың некелесуінен туа пайда болатын аурулардың алдын алу үшін де керек болды. Әлімсақтан төрт түлік мал өсірумен айналысқан халқымыз тұқым асылдандыру ілімін жете түсінгендіктен, «жеті атаға дейін үйленбе» деген қағиданы берік ұстанды. Дана ата-бабаларымыз ұрпағының ұсақтанып, нәсілінің азып кетпеуін қатты қадағалап отырды.

Орта жүз Арғын тайпасына жататын Қареке, Мұрат руларының аталмыш шежіресі — көп жылдар бойы жүздеген адамдардан ауызша сұрастырылып, жоғалып кеткен мәліметтерді тірнектеп жинастырып, әр түрлі деректерден, әңгіме-аңыздардан құрастырылған туынды.

Тарих — үздіксіз үдеріс, ол бүгінгі адамдардың өмірімен шектелмейді. Қазір қиял-ғажайып (фантастика) болып көрінгенімен, бізден жүздеген жыл кейін өмір сүретін, тілі мен ділін, тіні мен дінін сақтаған қазақтар (лайым солай болсын) шежіре тарату дәстүрін сақтап қалуы қажет. Сақтап қалып қана қоймай, ғылым деңгейіне көтеріп, компьютерлер мен есептегіш машиналардың зердесіне енгізіп, арнайы энциклопедиялар құрастырып, генетикалық қызметтің қажетіне пайдаланып, алыс заманалардан бері келе жатқан рухани байлығымызды дамытуы керек.

Автор бұл еңбегін ержүрек бабасы, Кенесары ханның серігі болған, қазақ халқының күрескерлік тарихында өшпес із қалдырған мыңбасы Мәнжі батырдың 200 жылдығына арнаған. Қареке Байбурадан шыққан батыр Мәнжі Күржікейұлы (1815–1911) Қарпық-Қаратоқа руынан шыққан Тиес батырмен дос болған. Екеуі хан Кененің қолында болып (Мәнжі батыр 22 жасында жүзбасы болыпты), ұлы жорықтарға қатысқан, қазақ жерін жат жұртқа бермеу үшін талай ерлік көрсеткен.

Оның үстіне Мәнжі тек батыр ғана емес, ойда жоқ жерден айшықты сөз де тауып айтатын өткір тілді ділмәр адам да болыпты. Мәнжі батыр бірде:

*Алты баласы бардың ауылына барма,
Бес баласы бардың бетіне келме,
Төрт баласы бардың төрде орны бар,
Үш баласы бардың алдында айдаған малы бар.
Екі баласы бардың өкпе, бауыр, жалы бар,
Жалғыз баласы бардың шығар-шықпас жаны бар, —*

деген уәлі сөздерді суырып салыпты.

Бәріңізге мәлім, күні кеше, тіпті әлі күнге дейін қазақ халқының тарихы, әдебиеті мен мәдениетінің бел-белестері өзінің зерттелуі жағынан дұрыс ғылыми жолға қойылмай, көп мағынасынан айырылып, асылын жасықтандырып, жақсыларын жадынан шығарып, жалған ұрандардың дақпырттары жетегінде қалып келді. Ендігі міндет — жерімізге баса көктеп кірген сыртқы жаудан елі мен жерін қорғап тер төккен, қан кешкен ел басына, қолбасылар мен хандарға, билерге, батырларға лайықты тарихи бағасын беріп, тиісті орнына қою. Аталмыш еңбек — осы маңызды мәселелерге сәл де болса үлес қосуды көздеп жазған автордың жылдар бойғы тынымсыз жұмысының нәтижесі.

«Шешеннің ең ұлы қасиеті — қажет нәрсені ғана айту емес, сонымен бірге қажеті жоқ нәрсені айтпау» деп, Цицерон айтқандай, академик қаламгер қажет нәрсені ғана айтып, қажетсіз дүниені айтпауға мейлінше тырысқан. Нені айтса да, бұрын біз оқымаған, естімеген тың деректі, соны топшылауды көлденең тартады. Кітаптың тілі көркем де жатық, жеңіл оқылады, жалықтырмай өзіне тартып отырады. Бұған әр мақаланың ұбақ-тұбақ шұбалаңқы жазылмай, ықшам да жинақы жазылуы да септігін тигізгендей.

Энциклопедиялық анықтамалықта Қарағанды өңірінде туып-өскен, халықтың жуан ортасынан суырылып шыққан, рухани өміріміздің бірқатар көрнекті өкілдерінің өміріне қатысты сирек деректер, соны мәліметтер көп. Кезінде Қарағанды жерінде өмір сүрген, аты «қазаққа мәлім болған», сөзі «үш жүзге тәлім болған» ақиық ардагерлеріміздің батырлық істері, биліктері, философиялық-дүниетанымдық көзқарастары, өнерпаздық өрнектері ұлттық байлығымыз екенін ұмытпаған ұрпақтың қашанда алды кең, келешегі кемел болатыны даусыз.

Кезінде Төле би «Арғын-Қыпшақ болсаң Алтай бол» деп тегін айтпаса керек-ті. «Атадан ұл туса игі, Ата жолын қуса игі» деп сол Төле би айтпақшы, талай игі жақсының өскен ортасы, өрісі кең, өркені қанат жайған ел.

«Қасиетті қазақ даласы жалпақ жұрт оқып бітпеген көне кітап секілді. Талай беттері күні бүгінге дейін ғасырлар шаңына бөгіп, ұйқыда мүлгіп жатыр. Ашып, қыртысын жазып, парақтар болсақ, ақтарар сыры мол. Одан халқымыздың тарихында қаралуға тиіс талай асыл есімдер мен олардың жазба мұрасын ұшыратасың. Соларды бүгінгі ұрпақпен таныстырып, табыстыру — ғалымдар үшін зор міндет, ауыр жүк.

Әсіресе Сарыарқаның сауыр төсіндегі Қарағанды жерінің айтар тарихы жұртшылыққа беймәлім, әлі де ашылмаған жұмбақ сырлары да аз емес. Қарағанды жері — өзінің бай тарихымен, есімі төрткіл дүниеге танымал қасиетті бабаларымызбен бүкіл қазақ еліне мәлім өлке», дейді автор.

Қарағанды жерін, негізінен, Қареке, Мұрат аталатын екі ру қоныс еткен. Ел бірлігінде, халық азаттығында, ұрпақ тәрбиесінде жергілікті даналардың да тарихи орны мен қоғамдық үлесі әрі қомақты, әрі салмақты.

Ал ел тарихын әйгілі тұлғалар арқылы зерделеу — қазақтың дәстүрлі таным-түсінігінде ертеден қалыптасқан үрдіс. Қазақтың қария сөздерінде (ДАТ — Даланың ауызша тарихы), яғни шежірелік зердесінде, тарих ұдайы жеке тұлғалардың өмір дерегі арқылы танылып отырады. Қоғамның саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани ахуалы үнемі жеке тұлғалар болмысы арқылы көрініс табады. Осындай қағиданы негізге алған осы қомақты еңбектің авторы, Қареке-Мұрат руынан шыққан атақты билер мен батырларды, ақындар мен ғұламаларды, күрескерлер мен зиялыларды біртұтас тарихқа топтастырады.

Өңір дерекнамасының беттерінен жауына ойран салған Шерубай батыр, Кене ханның серігі және ақылшысы Таймас батыр, ел аузында жыр болған Мәнжі батыр, есімі Арқа жұртына кеңінен танымал Камен би, тереңнен толғаған, байыпты саясаткер атанған Игілік би, от ауызды, орақ тілді Таңшолоқ би, өлеңге жүйрік, ойы ұшқыр, шабытты ақын Байсалбайдың Ахметбегі, көркем сөздің хас шебері Ғабиден Мұстафин, арқалы ақын Мақсұт Байсейітов, білімділігімен, зайырлылығымен көкірегіне имандылық ұялатқан Әбдікәрім молда, өмірін ізденіспен өрнектеген Мінәж Жармұхаметов, ел-жұрты ұмытпайтын азамат, қайтпас қайсар қайраткер, кезінде ел мен жер қамқоры болған Жұмабек Тәшенев туралы жадыңызды жаңғыртар, санаңызды сәулелендірер мол мағлұмат, күшті әсер аласыздар.

Жәдігер еңбек — деректанушы-тарихшыларға, фольклор зерттеушілерге, генеалогиялық танымды қажет ететін оқырманға және шыққан тегін білуге ұмтылушыларға арналған этнографиялық бағалы жинақ.

Қорыта келгенде, қаламгер ғалым Рашид Кареновтың «Үш жүздің шежіресі және Арғын-Алтай тайпасының Қареке-Мұрат рулары: Энциклопедиялық анықтамалық» атты екі томдық тарихи-генеалогиялық зерттеуі елін сүйер, тарихты тануға құштар, төл тарихы мен мәдениетін білгісі келген қалың оқырман қауымның көңілінен шығады деп сенеміз. Автордың өзі айтқандай, бүгінгі күнде тарихты білу — тарихи шығармалар жазу үшін ғана емес, өзінің адамдық бейнеңді тану үшін керектірек.

Ізбасарына үкілі үміт жалғап, есімін Нарон ар-Рашид деп қойған әке сенімі мен тәлімге толы мектебі сондай әсерлі! Қаламгерлік өнерді қыранға теңеп, оның қос қанаты бар десек, соның бір қанаты — талант та, екінші қанаты — еңбек. Ал жалғыз қанат қыранның ұша алмасы, қия жартас, асқар шырларды құша алмасы анық.

Көпшілік профессор Кареновтың ғалым-педагог ретіндегі жоғары адамгершілік қасиеттерін, сондай-ақ қажырлы азаматтың ғылыми, педагогикалық, әдеби қызметін тиісті дәрежеде бағалайтыны анық.

Түбінде баянды еңбек — егін салған,

Жасынан оқу оқып, білім алған.

Би болған, болыс болған өнер емес,

Еңбексіз бұдан өзге бәрі жалған, —

деп ұлы Абай айтқандай, баянды бақытын білім мен ғылымнан, тарих пен әдебиеттен, бір сөзбен айтқанда, инемен құдық қазғандай ауыр еңбектен тапқан сегіз қырлы, бір сырлы әмбебап ғалымға, еліне елеулі, халқына қалаулы болған азаматқа қашанда сенім артуға болады. Қыл қысқасы, берісі әке аманатын орындау, әрісі ел үмітін ақтау — тек парасатты ер азаматтың еншісі.

Сәбит Бексейіт,
ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қарағанды